233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Қазақстан келісім-шарт агенттігі" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту"**

**деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 93000 мың теңге (тоқсан үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы N 1204 қаулысы , "Отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 955 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджетінің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мұнай өндіру операциялары мен Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер сатып алу конкурстарына қатысуға отандық тауар өндірушілерді тарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | "Қазақстан келісім-шарт агенттігі" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | Отандық тауар өндірушілерді тарту үшін, мұнай өндіру жөніндегі операциялар мен Мұнай операцияла. рын жүргізу кезінде тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға конкурстарға қатысу үшін | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |

"Қазақстандық келісім-шарт агенттігі" жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 90 отандық тауар өндірушілерді тарту және Мұнай өндіру жөніндегі операцияларды және Мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға конкурстарда олардың мүдделерін заңнамада белгіленген тәртіпте қадағалануын қамтамасыз ету, қазақстандық кәсіпорындарға озық технологияларды тарта отырып, жаңа өндірістер құруға жәрдемдесу, тиісті мониторингті жүзеге асыру, орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдарға консультациялық қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 290-1-қосымша

Ескерту. 290-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруға қатысу үлесі" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның Паспорты**

1. Құны: 69300 мың теңге (алпыс тоғыз миллион үш жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 549 Заңы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру үшін қажетті келісімдер әзірлеуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Қазақстан Республикасының Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруға қатысу үлесі | 2004 жылғы 22 мамырдағы N 12 хаттамадағы Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру жөніндегі бекітілген Жоғарғы деңгейдегі топқа сай Бірыңғай экономикалық кеңістіктің сараптама-ұйымдастырушылық топтарын әзірлеуге жататын халықаралық-құқықтық құжаттардың тізбесіне сәйкес құжат жобаларын әзірлеу Бірыңғай экономикалық кеңістіктің сараптама-ұйымдастырушылық топтарын ұстау. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
290-2-қосымша

Ескерту. 290-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**""Ұлттық инновациялық қор" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 10500000 мың теңге (он миллиард бес жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі N 333 Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2004 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Ұлттық инновациялық қор" ашық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысы , "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостанциялық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасындағы инновациялық белсенділікті көтеру және жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу. Ғарыштық аппараттар мен байланыс мониторингі жүйесін басқарудың жер кешенінің жанама геостанциялық орбитасын, телекоммуникациялық спутнигін жасау және жеткізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

```
________________________________________________________________________
N  |Бағ.|Кіші|      Кіші      | Бағдарламаны іске | Іске  | Жауапты
п/п|дар.|бағ.| бағдарлама.  | асыру жөніндегі   | асыру | орындау.
   |лама|дар.|    лардың     |    іс-шаралар     |мерзімі| шылар
```

| | коды | лама коды | атауы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту, оның ішінде "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамы мен Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" Федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны арасындағы геостационарлық орбита, телекоммуникациялық спутник, ғарыштық аппараттарды жерден жанама кешенді басқару мен байланыс мониторингі жүйесін жасау және жеткізуге арналған келісім-шарт бойынша шығындарды өтеу | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Инновациялық әзірлемелерді енгізуге және коммерциялауға, венчурлық қорларды құруға, технопарктер, технополистер мен басқа ұлттық инновациялық инфрақұрылымдардың элементтерін құруға қатысуға, ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізуге, "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-ның қаржылық тұртақтылығын қамтамасыз етуге, оның халықаралық стандартқа сәйкес институционалдық-ұйымдастырушылық дамуына арналған "Ұлттық инновациялық қор" АҚ-ның инвестициялар көлемін ұлғайту,

телекоммуникациялық спутнигінің геостанционарлық орбитасын жасау және жеткізу жөніндегі аралық жұмыстар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
291-қосымша

Ескерту. 291-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3682649 мың теңге (үш миллиард алты жүз сексен екі миллион алты жүз қырық тоғыз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңды іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы , "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары жобаларын қаржыландыру үшін Халықаралық Ынтымақтастық Жапон банкінің займдарын тарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 наурыздағы N 228 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Халықаралық Ынтымақтастық Жапон банкінің арасындағы "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары" жобасы бойынша зайымдар туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 карашадағы Заңы , "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Халықаралық Ынтымақтастық Жапон банкінің арасындағы "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары" жобасын жүзеге асыру үшін займдар тарту туралы нота алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 қарашадағы Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана және Алматы қалаларының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары бойынша қызмет көрсетулерге тұрақты қол жеткізуін бұрыннан бар ескірген жүйелерді және қалпына келтіру және ауыстыру, оларды кеңейту арқылы қамтамасыз ету. Шектелген су ресурстарын үнемді пайдалануға судың ағуын азайту және сумен қамтамасыз ету және су құбырлары саясатын экономикалық тиімді жоспарлауды, басқару мен дамытуды ынталандыру арқылы ықпал жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласының бюджетіне аудандарды жаппай жеке тұрғын үй құрылыстарымен дамыған инженерлік коммуникациялармен қамтамасыз ету үшін Астана және Алматы қалаларын сумен қамтамасыз ету және су құбырларының жобаларын іске асыру үшін республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | | Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен | "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жобаны іске асыру | құбырлары" 2621430 мың теңге сомаға. | | | және сауда министрлігі |
| 3 | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты инвестициялық трансферттер сомаға: 1) Алматы қаласының бюджетіне сумен қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мақсатты инвестициялық трансферттер; 2) Астана қаласының бюджетіне "Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су құбырлары" жобасын қайта қаржыландыру үшін мақсатты инвестициялық трансферттер. | | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *Астана қаласын сумен қамтамасыз ету және су ағызу жүйелері объекттері, су құбырлары, Алматы қаласының су құбырлары желілерінің құрылысы мен қайта жаңғырту жұмыстарын заңнамалық тәртіпте жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес белгіленіп бекітілген жұмыс көлемдерін орындау.

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде сипатталған іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламасының паспортында бейнеленген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 291-1-қосымша

Ескерту. 291-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мемлекеттік коммуналдық тұрғын-үй қорының тұрғын үйін**
**салуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне**
**берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"**
**деген 025 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 6400000 мың теңге (алты миллиард төрт жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы , "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымындағы N 1388 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Заңнамада белгіленген азаматтардың жекелеген санаттарына беруге арналған мемлекеттік тұрғын үй салу.

5. Бюджетіне бағдарламаның міндеттері: Облыстардың бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үй құрылысына арналған мақсатты инвестициялық трансферттер аудару.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 025 | | Мемлекеттік коммуналдық тұрғын-үй | Облыстардың бюджет. тері, Астана және Алматы қалаларының | жыл ішінде | Қазақстан Республи. касының |

қорының тұр. бюджеттеріне тұрғын Индустрия
ғын үйін үй салуға арналған және сауда
салуға об. мақсатты инвести. министрлігі
лыстық бюд. циялық трансферттер
жеттерге, аудару
Астана және
Алматы қала.
ларының бюд.
жеттеріне
берілетін
мақсатты
инвестициялық
трансферттер

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Облыстарда, Астана және Алматы қалаларында мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бойынша жұмыс көлемін орындау

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
291-2-қосымша

Ескерту. 291-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Тұрғын үй салу үшін жобалау-сметалық құжаттамасын**
**әзірлеуге Астана қаласының бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық**
**трансферттер" деген 026 республикалық**
**бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 522000 мың теңге (бес жүз жиырма екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының 12-бабы , "Қазақстан Республикасында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы , "2004 жылға арналған

республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2004 жылға дейінгі кезеңге арналған Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы , "Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысы , "Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: тұрғын үй салуға дайындық.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Тұрғын үй құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеуге республикалық бюджеттен Астана қаласының бюджетіне мақсатты трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау.шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 026 | | Тұрғын үй салу үшін жобалау-сме.талық құжат.тамасын әзір.леуге Астана қаласының бюджетіне берілетін | Тұрғын үй құрылы.сына арналған жоба.лық-сметалық құжат.тамалар әзірлеуге және мемлекеттік сараптама жүргізуге Астана қаласының бюджетіне мақсатты трансферттер аудару мақсатты инвестициялық трансферттер | Жыл ішінде | Қазақстан Республи.касының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бекітілген жобалық-сметалық құжаттамалар (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің жобалық-сметалық құжаттамалары туралы бұйрығының нөмірі мен күні) және тұрғын үй құрылысына арналған мемлекеттік сараптаманың қорытындысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 292-қосымша

Ескерту. 292-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған
"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"
деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3082130 мың теңге (үш миллиард сексен екі миллион бір жүз отыз мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 маусымдағы N 242-II Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы ; " Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 534 қаулысы ; "Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған жеке жоспары туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысы ; "Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымдары мен жолдарын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1190 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Атырау облысының елді мекендерін газдандыру; Астана қаласында қайта қалпына келтіру арқылы Талдыкөл сарқынды суларын жинағыштарды жою; Астана қаласының жаңа әкімшілік және іскерлік орталықтары аумақтарын тасыма су басып қалудан инженерлік қорғайтын құрылыстар салу, сәулет құралдарымен және Есілдің сол жағалауын әсемдеу жұмыстарын жасау; Астана қаласының сол жағалау аумақтарын құрылыстар үшін инженерлік дайындау, құрылыс кезінде су басып қалу процесін болдырмау және Астана қаласының игерілген аумағындағы объекттерді одан әрі пайдалануға беру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Атырау облысының бюджетіне Атырау облысының елді мекендерін газдандыруға, Астана қаласында қайта қалпына келтіру арқылы Талдыкөл сарқынды суларын жинағыштарды жоюға, Есіл өзенінің жағалауларын қайта жаңғыртуға, су басып қалудан инженерлік қорғау, Астана қаласындағы жер асты суларын азайту үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастауға республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлу, сусыздандыру цехын іске қосу; Қарабидайық жинамасы бар нұсқа бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту үшін облыс. тық бюджет. терге, Астана және Алматы | Атырау облысының бюджетіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен (Қазақстан Респуб. ликасы Үкіметінің | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |

| | |
|---|---|
| қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестиция. лық транс. ферттер | 2003 жылғы 14 тамыздағы N 816 қаулысымен бекітіл. ген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) бекітілген бюджетті орындау және мемле. кеттік бюджет есебі. нен ұсталатын мемлекеттік мекеме. лер үшін есеп-қисап (кезеңдік және жылдық) нысанын жүргізу қаржылық ресімдер ережелері. не сәйкес мақсатты инвестициялық трансферттерді аудару. |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *Астана қаласында қайта қалпына келтіру арқылы Талдыкөл сарқынды суларын жинағыштарды жою, Астана қаласының Есіл өзенінің жағалауларын қайта жаңғырту; Астана қаласының сол жағалау аумақтарын құрылыстар үшін инженерлік дайындау, Астана қаласының сол жағалау аумақтарын құрылыстар үшін инженерлік дайындау, құрылыс кезінде су басып қалу процесін болдырмау және Астана қаласының игерілген аумағындағы объектілерді одан әрі пайдалануға беру. Атырау облысының елді мекендерін газдандыру бойынша жұмыстарды орындау көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету, сусыздандыру цехын іске қосу; Қарабидайық жинамасы бар нұсқа бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу. <*>

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде сипатталған іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламасының паспортында бейнеленген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
293-қосымша

Ескерту. 293-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қалалар мен елді мекендерді көркейтуді дамытуға арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"**
**деген 029 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12354310 мың теңге (он екі миллиард үш жүз елу төрт миллион үш жүз он мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 маусымдағы N 242-II Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы ; " Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 534 қаулысы ; "Астана қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 тамыздағы N 1064 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған жеке жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дөңгелек алаңның, бас алаңның, Астана және Алматы қалаларының жаңа әкімшілік орталығының 1 кезекті су-көгалдандыру бульварының құрылыстарын қамтамасыз ету, инженерлік желілерді құру және алғашқы кезекті және пайдалануға берілетін объектілерді абаттандыру жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуді қамтамасыз ету. <*>

5. Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне, соның ішінде: дөңгелек алаң, бас алаң, Астана қаласының жаңа әкімшілік орталығының 1-кезекті су-көгалдандыру бульварын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Парламенті Сенатының ғимараттарына тұғырнамалар; Астана қаласының бірінші кезектегі объектілеріне инженерлік желілер мен абаттандыру құрылыстарын; жобаланып жатқан және салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне инженерлік желілер мен жолдар салу, Астана қаласында Абылай хан даңғылынан темір жолға дейінгі учаскедегі "Ақ бұлақ" өзенін абаттандыру Астана қаласын парктер мен скверлерді орналастыра отырып, көгалдандыру бағдарламалары; Алматы қаласының объектілеріне инженерлік желілер құрылысы үшін мақсатты инвестициялық трансферттер аудару. <*>

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 029 | | Қалалар мен елді мекен. дерді көр. кейтуді дамытуға арналған облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қала. ларының бюджеттеріне берілетін мақсатты инвестиция. лық транс. ферттер | Астана және Алматы қалаларының бюд- жеттеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілде. дегі N 832 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 тамыз. дағы N 816 қаулысы. мен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) бекітілген бюджетті | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |

орындау және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік меке. мелер үшін есеп-қисап (кезеңдік және жылдық) нысанын жүргізу қаржылық ресімдер ережелеріне сәйкес мақсатты инвести. циялық трансферт. терді аудару.

---

7. Астана қаласында Дөңгелек алаңды, Астана қаласының жаңа әкімшілік орталығының су-көгалдандыру бульварының 1-кезегін; Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Парламенті Сенатының ғимараттарына тұғырнамалар салуды аяқтау, жоспарлау жұмыстарын және "Ақ бұлақ" өзенінің аумағын инженерлік дайындауды орындау, мемлекеттік сараптамадан өткен және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес бас алаң салу жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемін орындау; Астана қаласының бірінші кезектегі объектілеріне инженерлік желілер мен оларды абаттандыру жобасы бойынша мемлекеттік сараптамадан өткен және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама, Астана қаласында Сарыарқа көшесі мен Абылай хан даңғылы бойында, темір жол вокзалы, Ресей елшілігі ауданында, 2005 жылға арналған бастамамен сол жағалаудағы Заречный кентінде, Президент паркінде, Астана қаласында Есіл өзенінің бойында парктер мен скверлер орнату; Алматы қаласында Әуезов көшесінен өтетін Райымбек даңғылы, Казаков, Боткин көшелері; Молдағалиев, Ақынов, Толстой, Чернышевский көшелері; Құлагер, Мамыр шағын аудандары шаршы алаңы массивтерінде инженерлік желілерді жобалау, инженерлік коммуникациялар салу. <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 294-қосымша

Ескерту. 294-қосымшаға алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197К қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
295-қосымша

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ҰК" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту"**
**деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 786116 мың теңге (жеті жүз сексен алты миллион бір жүз он алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы , "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің орталықтандырылған (директивтік) кредиттерін алу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 маусымдағы N 826 қаулысы , "Қазақстан Республикасының Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Қазақстан инжиниринг" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту, бюджеттік кредиттер бойынша "Қазақстан инжиниринг" АҚ-ның құрамына кіретін қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының міндеттерін орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстан инжиниринг" Ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту, "Қазақстан инжиниринг" АҚ-ның құрамына кіретін қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының республикалық бюджет алдындағы кредиторлық қарыздарын өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 031 | | | | "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ҰК" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту |
| 2 | | 100 | "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | 141000 мың теңге мөлшердегі айналым. дағы қаражатты толықтыру үшін "Қазақстан инжини. ринг" Ұлттық компаниясы" Ашық Акционерлік қоғамы. ның жарғылық капиталын ұлғайту. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | | 101 | Мемлекеттік бюджет алдындағы қорғаныс өнеркәсібі мекемелері директива. лық кредит. тік берешек. терін өтеуге жарғылық капиталды ұлғайту | Қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының жарғылық капиталын ұлғайту 645 116 мың теңге, оның ішінде: "ТЫНЫС" ААҚ - 191 606 мың теңге; "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" АҚ - 272972 мың теңге; "Киров атындағы Петропавл зауыты" АҚ - 111436 мың теңге. "Семей машина-жасау зауыты" АҚ | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |

- 69102 мың теңге.
2) "Қазақстан инжиниринг" АҚ-ның құрамына кіретін жоғарыда көрсетіл. ген қорғаныс өнеркәсібі кәсіпо. рындарының төлеу қабілеті жоқ кәсіпорындарды жақсартуға және оңалтуға "Оңалту қоры" РМК берген кредиттер бойынша, директивтік кредит. тер, ішкі республи. калық есеп нәтиже. лері бойынша республикалық бюджет алдындағы кредиторлық қарыз. дарын Экономиканы қайта құру қоры қаражаты есебінен өтеу, жалпы сомасы - 645 16 мың теңге.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: "Қазақстан инжиниринг" ҰК АҚ-ның қаржылық жағдайын жақсарту, "Қазақстан инжиниринг" ҰК " АҚ-ның құрамына кіретін 4 қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарының қаржылық жағдайын жақсарту, "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның құрамына кіретін 4 қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорынының бюджеттік кредиттер бойынша міндеттерін орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
296-қосымша

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ жарғылық**
**капиталын ұлғайту"**
**деген 032 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 750000 мың теңге (жеті жүз елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына жолдауы ; "Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 наурыздағы N 392 Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: шағын кәсіпкерліктің субъектілерін кредиттеуді жүзеге асыру және жарғылық капиталға үлестік қатысудың қаражаты бойынша микрокредиттік ұйымдар құру және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мамандандырылған консалтингтік қызмет көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-тың жарғылық капиталын ұлғайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 032 | | "Шағын кәсіпкерлік. ті дамыту қоры" АҚ жарғылық | "Шағын кәсіпкерлік. ті дамыту қоры" ЖАҚ- тың жарғылық капиталын ұлғайту үшін қаражаттар | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Индустрия және сауда министрлігі |

капиталын аудару.
ұлғайту

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:
1) Сандық критерийлер:
Республикалық бюджеттің қаражаты шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын және өңірлердегі микрокредиттік ұйымдардың санын ұлғайтуға мүмкіндік береді, осылайша қаржы қаражаттарына халықтың кең ауқымының қол жеткізуін қамтамасыз етеді.
2) Сапалық критерийлер:
"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-тың 2004 жылға арналған бюджеттік бағдарламасын іске асыру кедейшілікті азайтуға және еңбекпен қамтуды ұлғайтуға, қолданыстағы шағын бизнесті сапалық жетілдіруге, оның өңірлік-салалық құрылымын оңтайландыруға және оны өндірістік салаға бағыттауға әкеледі. Қор бәсекеге қабілетті өнім жасайтын өндірістің тұтас жүйесін құруға бағдарланған жобаларды кейіннен шағын кәсіпкерлікті дамыта отырып қолдауды жоспарлайды.
3) Тиімділік критерийлері:
Қор бюджеттік қорды тиімді пайдалану мақсатында заемдік қаражат беруді оңтайландыруды, республиканың барлық өңірлерінде микрокредиттік ұйымдар құру есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық ресурстарға қол жеткізуін кеңейтуді, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық қызмет көрсетуді жоспарлайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
297-қосымша

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Атырау қаласында тұрғын үйлер салу үшін Атырау облысының бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер"**
**деген 033 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 400000 мың теңге (төрт жүз миллион теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан

Республикасының 2001 жылғы 16 маусымдағы N 242-II Заңы ; "Қазақстан республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған жеке жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Атырау қаласындағы тұрғын үйдің құрылысын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Атырау облысының бюджетіне Атырау қаласындағы тұрғын үйдің құрылысына республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 033 | | Атырау қаласында тұрғын үйлер салу үшін Атырау облысының бюджетіне берілетін мақсатты инвестициялық трансферттер | Атырау облысының бюджетіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 тамыздағы N 816 қаулысымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) бекітілген бюджетті орындау және мемлекеттік бюджет есебі. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

нен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін есеп-қисап (кезеңдік және жылдық) нысанын жүргізу қаржылық рәсімдер ережелеріне сәйкес мақсатты инвестициялық трансферттерді аудару.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *Атырау қаласындағы тұрғын үй құрылысы бойынша жұмыстарды орындау көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде сипатталған іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламасының паспортында бейнеленген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
298-қосымша

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға Атырау облысының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер"**
**деген 036 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 224000 мың теңге (екі жүз жиырма төрт миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Бюджеттік жүйе туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ; "Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 13 тамыздағы N 11-12И-537 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: сумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Атырау облысының бюджетіне сумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу үшін республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | | Сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға Атырау облысының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер | Атырау облысының бюджетіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 тамыздағы N 816 қаулысымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) бекітілген бюджетті орындау және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін есеп-қисап (кезеңдік және жылдық) нысанын | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

жүргізу қаржылық рәсімдер ережелері. не сәйкес мақсатты инвестициялық трансферттерді аудару.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *сумен қамтамасыз ету жүйелерін жөндеу бойынша жұмыстарды орындау көлемін қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде сипатталған іске асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламасының паспортында бейнеленген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 299-қосымша

Ескерту. 299-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 197K қаулысымен .

233 - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдау үшін Қарағанды облысының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер"**
**деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 200000 мың теңге (екі жүз миллион теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы , Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сары-Шаған сынақ-полигонын пайдалану және жалға алу шарттары және Приозерск қаласының өміршеңдік қызметін қамтамасыз ету туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы келісім .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Приозерск қаласының өміршеңдік қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қарағанды облысының бюджетіне Приозерск қаласының инфрақұрылымын тиісті қалыптастыруды қамтамасыз етуге республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттер бөлу "сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету және мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдау үшін Қарағанды облысының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер | Қарағанды облысының облыстық бюджетіне "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына сәйкес мақсатты инвестициялық трансферттер аудару. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: *республикалық бюджеттен тағайындалған мақсатты трансферттерді Қарағанды облысының облыстық бюджетіне толық аудару.

Ескерту:

*) Республикалық бюджеттен трансферттерді игеру шеңберінде сипатталған іске

асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі, сандық және сапалық көрсеткіштер, күтілетін нәтижелер тиісті жергілікті бюджет бағдарламасының паспортында бейнеленген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК